

Жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүліктердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 203 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 14 желтоқсанда № 3076 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 152 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 26.07.2013 № 152 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүліктердің тізбесі бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1 тармағында көрсетілген мүліктерді жекешелендіруді қамтамасыз етсін;

2) аталған қаулыны жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Н. А. Ноғаяевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Б. Измұхамбетов*
2011 жылғы 16 қарашадағы № 203
облыс әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

Жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүліктердің тізбесі

№	Нысанның атауы	Мекен-жайы	Теңгерім ұстаушы	Нысандардың жай-күйі

49	2002 жылы шығарылған, м/н L 068 КР, ГАЗ-2705-242 маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз
50	2002 жылы шығарылған, м/н L 069 КР, ГАЗ-322132 224 маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз
51	2000 жылы шығарылған, м/н L 449 КР, ПАЗ-32060R маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз
52	2001 жылы шығарылған, м/н L 098 КР, ПАЗ-32051R маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз
53	1997 жылы шығарылған, м/н L 611 КР, Nissan Patfainder маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз
54	1999 жылы шығарылған, м/н L 135 КР, Volkswagen Polo маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз
55	1992 жылы шығарылған, м/н L 204 АС, ГАЗ-5312 маркалы автокөлігі	БҚО, Орал қ., ПД өндірістік базасы, Пятимарская көшесі, 15	"Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті" ММ	қанағаттанарлықсыз

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҚО – Батыс Қазақстан облысы;
ММ – мемлекеттік мекеме;
ІІД – Ішкі істер департаменті;
м/н – мемлекеттік нөмірі;

қ. – қала.